

**6D010300-Педагогика және психология мамандығы бойынша  
 философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған  
 Исаев Абдінаби Исаұлының**

**«Болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу  
 іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлау» тақырыбындағы  
 диссертациясына**

**РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ**

р/ н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	<p>Қазақстан Республикасы «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасында еліміздің ЖОО-ның бәсекеге қабілеттілігін арттыру міндеттерінің көрсетілуі, мемлекеттік жалпыға білім беру стандартындағы оқыту үдерісі нәтижесіне қойылатын талаптардың артуы, сонымен қатар, «Білім туралы» Заңындағы «Білім беру ұйымдары білім алушылардың білім беру бағдарламаларын игеруін бақылау мақсатында білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылауды жүзеге асырады және оларға аралық аттестаттау жүргізеді» деп көрсетілуі және оған педагогтардың даярлығының болуы «Педагог» кәсіби стандартында оқыту және зерттеу еңбек функцияларымен атап өтілуі А.И.Исаевтың диссертация тақырыбының мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес келетіндігін дәлелдейді.</p> <p>А.И.Исаевтың жұмысы болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды ұйымдастырылатын оқу-жаттығу жұмыстарының барысы мен нәтижелерін педагогикалық бақылауға даярлаудың мәні мен мазмұнын, оларды практикалық тәжірибеде қолданылуын, педагогикалық бақылау білім мен іскерліктерін жетілдіруге арналған педагогикалық ғылым дамуындағы өзекті мәселелерді қамтиды.</p>
		1) Диссертация мемлекет	Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия

		<p>бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) <u>Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</u></p>	<p>бекіткен ғылым дамуының 8-ші бағытына «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер», соның ішінде</p> <p>8.1.1. Ғылым және технологиялар саласындағы зерттеулерді дамытудың өзекті мәселелері сияқты нысаналы бағдарламалар идеясына сәйкестігімен сипатталады.</p>
2.	Ғылымға маңыздылығы	2. Жұмыс ғылымға елеулі <u>үлесін қосады/</u>	Диссертанттың зерттеу жұмысы барысында алған ғылыми-практикалық нәтижелері педагогика ғылымының дамуына <i>елеулі үлес</i> қосады. А.И.Исаевтың

		<p>қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ ашылмаған.</p>	<p>Болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлаудың қажеттілігін және оның теориялық-әдіснамалық негіздерін анықтай отырып, оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылаудың мәні мен мазмұнын аша отырып, даярлау ерекшеліктерін анықтау негізінде болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың педагогикалық бақылауға даярлығын қалыптастыру үшін даярлау үдерісінің құраушылары кәсіби педагогикалық бақылау білімдері мен іскерліктері қалыптасқан отандық білім беру саласында бәсекеге қабілетті маман даярлауға, педагогикалық ғылым саласын дамытуға үлесін қосады. Оған мысал ретінде, оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылаудың жүйе құраушылары негізделіп, «оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылау», «болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлығы» ұғымдары нақтыланып, ғылыми айналымға енгізілуі диссертацияның маңыздылығын ашады.</p> <p>Зерттеу проблемасына сәйкес құрылымдық-мазмұндық моделінің жасалуы мен оны жүзеге асырудың психологиялық-педагогикалық, ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттарының айқындалуы да, оны тәжірибеге енгізу мақсатында жасалған әдістемесі де педагогикада ғылыми маңыздылық пен теориялық құндылыққа ие.</p>
3.	Өзі жазу принципі	<p>3.Өзі жазу деңгейі:  1) жоғары;  2) орташа;  3) төмен;  4) өзі жазбаған</p>	<p>А.И.Исаевтың зерттеу жұмысын өзі жазу деңгейі жоғары екендігін зерттеу проблемасына қатысты ғылыми әдебиеттерге, негізгі ұғымдарға жасаған талдауынан; өз ойын кестеге, суретке түсіріп тұжырымды ұсынуынан; ғылыми тұжырымдар түйіндеуінен; ғалымдардың</p>

			<p>берген ойларына өз пікірін білдіруінен; жүргізілген тәжірибелік-эксперимент жұмысын рәсімдеуден; алынған практикалық нәтижелерді сипаттаудан да аңғаруға болады, қойылған зерттеу міндеттері толығымен шешімін, жұмыстың тараулары мен бөлімдері өзара логикалық байланысқан, дербес, өзекті, толық және аяқталған болып табылады.</p>
4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) <u>негізделген</u>; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.</p>	<p>А.И.Исаевтың зерттеу жұмысының өзектілігі толықтай негізделген. Ең алдымен, ҚР-ның ғылым мен жоғары білім саласының әлемдік жаһандану үрдісіне кіріктірілуі барысында болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды спорт педагогы ретінде педагогикалық бақылауға даярлау өзекті мәселе екендігімен <i>негізделген</i>.</p> <p>Екіншіден, диссертациялық зерттеу міндеттерінің мемлекеттің ғылым мен жоғары білім саласын дамыту саясатының негізгі басымдықтарына сәйкес өзектілігі <i>дәлелденген</i>.</p> <p>Үшіншіден, қазіргі жаңартылған білім беру талаптарына сай - оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекеті мен оның нәтижесін бақылау қажеттілігі мен оны жүзеге асырудың ғылыми тұрғыдан негізделмеуі арасында және жоғары оқу орнында болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық басқаруға даярлау мүмкіндіктерінің жоғарылығы мен оны іске асырудың әдістемелік негіздерінің жеткілікті деңгейде жасалмауы арасындағы қарама-қайшылықтарды жою мәселесімен өзектілігі <i>негізделген</i>.</p>
		<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) <u>айқындайды</u>;</p>	<p>А.И.Исаевтың диссертациясы мазмұны «Болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлау» атты диссертация тақырыбын толық көлемде айқындайды.</p> <p>Зерттеу жұмысының 1-тарауында болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды</p>

	<p>2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды</p>	<p>оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлаудың мәселелері және әдіснамалық тұғырларының мазмұндық ерекшеліктері, әдіснамалық тұғырлары айқындалады, ЖОО әлеуеті айқындалса, 2-тарауда оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылаудың мәні мен мазмұны және оған болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды даярлаудың ерекшеліктері анықталып, құрылымдық-мазмұндық моделі жасалып ұсынылады.</p> <p>3-тарау болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлаудың әдістемесі мен тәжірибелік-эксперимент жұмысы, оның ішінде көрсетілген сапа даярлығының қалыптасу диагностикасы, даярлау әдістемесі жасалып, оның практикаға ендірілуі мен оның нәтижелері дәлелді мазмұндалған. Диссертация 3 тараудан тұрады және оның 9 бөлімшесі зерттеу тақырыбын толық айқындайды.</p>
	<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) <u>сәйкес келеді;</u> 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді</p>	<p>Зерттеу мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді. Диссертант зерттеудің мақсатын «болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлауды теориялық тұрғыдан негіздеу, әдістемесін жасау және оны эксперимент жүзінде тәжірибеден өткізу» деп тұжырымдап, оған 4 міндет арқылы қол жеткізген.</p> <p>Зерттеу жұмысының 1-тарауында болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлау мәселесінің, ұғымдарының, мәнінің зерделенуі, зерттеу мәселесінің тұрғызылуына негіз болатын әдіснамалық тұғырлардың сипатталуы мен ЖОО әлеуетінің айқындалуы диссертацияның 1-міндетіне сәйкес екендігі байқалады. Ал,</p>

			<p>зерттеудің 2-міндетінің - «оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылау» ұғымының мәні мен мазмұнының нақтылануы «бақылау», «педагогикалық бақылау» ұғымдарына берілген анықтамаларға негізделе отырып қол жеткізілген (2-тараудың 1-бөлімшесі).</p> <p>Зерттеудің 3-міндеті оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды даярлаудың ерекшелігі мен оны жүзеге асырудың құрылымдық-мазмұндық моделі жүйе құраушыларынан (тұжырымдамалық-мақсаттық, когнитивтік-процессуалдық, нәтижелік-бағалаушылық) тұратыны 2-тараудың 3-бөлімшесінде жан-жақты талданып, негізделеді.</p> <p>Зерттеу жұмысының 3-тарауы болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға ақыл-ой іс-әрекетін кезеңдеп қалыптастыруға сәйкес даярлау әдістемесінің (мазмұны, ұйымдастыру формалары, оқыту әдістері, құралдары) жасалуы 4-ші міндетке толық сәйкес келеді.</p> <p>Осы айтылғандар А.И.Исаевтың диссертациясының мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкестігін дәлелдейді.</p>
	<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>толық байланысқан;</u></li> <li>2) жартылай байланысқан;</li> <li>3) байланыс жоқ</li> </ol>		<p>Диссертациялық жұмыс 3 тарау мен 9 бөлімшелерден, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен, қосымшалардан, 8 суреттен, 21 кестеден тұрады. Дұрыс таңдалған тараулар мен бөлімше тақырыптары олардың логикалық байланысын байқатады, болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлаудың теориялық-әдіснамалық негіздерін ашу зерттеуді дұрыс жүзеге асырылғандығын көрсетеді және жүйелік тұғыр тұрғысынан оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылаудың мәні мен мазмұнын, оған болашақ жаттықтырушы-</p>

			<p>оқытушыларды даярлаудың ерекшеліктерін анықтау мен құрылымдық-мазмұндық моделін жасау жұмыстың теориялық-әдіснамасына негізделген, олар 1-ші және 2-тарау арасындағы тығыз байланысты дәйектейді.</p> <p>Ал, 3-тараудағы даярлау әдістемесі мен тәжірибелік-эксперимент жұмыс мазмұны 2-тарауда жасалған модельді практикада қолдану барысын қарастырған. Сондай-ақ, пайдаланылған әдебиеттер зерттеу тақырыбын ашуға толығымен жетеді, нақты қолданысын тапқан. Ал, қосымшада берілген материалдар диссертацияның практикалық бөлімінде эксперимент арқылы дәлелденген.</p> <p>Бұл, А.И.Исаевтың диссертациясының құрылымы барлық тараулары мен бөлімшелерінің логикалық байланысын дәлелдейді. Автор алған нәтижелер зерттеу мақсаты мен міндеттеріне сәйкес және ішкі бірлікті сипаттайды.</p> <p>Ғылыми аппаратқа сәйкес теориялық мәліметтер, анықтау және қалыптастыру, қорытындылау эксперименттері мазмұны мен нәтижелері ұсынылған.</p>
	<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>сыни талдау бар;</u></li> <li>2) талдау жартылай жүргізілген;</li> <li>3) талдау өз пікірін емес,</li> </ol>	<p>Болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлау мәселесі бойынша педагогика саласындағы теориялар мен ғылыми әдебиеттерге А.И.Исаев сыни талдау жүргізген. Соның негізінде зерттеп отырған тақырып бойынша теориялық және әдіснамалық базалардағы кемшіл тұстарды көрсетіп, оны толықтыру бойынша зерттеу жүргізген.</p> <p>Оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауды сыни түрде анықтай отырып, оған болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды даярлау ерекшеліктерін анықтаған. Бұл сыни талдау диссертантқа болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды</p>	

		басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделін және жүзеге асыру әдістемесін әзірлеуге мүмкіндік берген. Ал алынған тәжірибелік-эксперимент нәтижелері сапалық және сыни талдау арқылы дәлелденген. А.И.Исаевтың жүргізген сыни талдауы оның әрбір мәселені жеке бағалай алуын, өзіндік ғылыми ұстанымының қалыптасқандығын байқатады.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа;</u></p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Зерттеу мәселесі бойынша ғылыми нәтижелер мен қағидаттар толығымен жаңа болып табылады.</p> <p><i>Бірінші жаңалығы</i> – болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлау қажеттілігі зерделеніп, оны жүзеге асыру әдіснамалық тұғырларға негізделетіні сипатталады және ЖОО әлеуетімен қамтамасыз етілетіндігі дәйектеледі.</p> <p><i>Екінші жаңалығы</i> – «оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылау» ұғымының мәні мен мазмұны «бақылау», «педагогикалық бақылау», «оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекеті» ұғымдарына сәйкес нақтыланады және педагогикалық бақылаудың жүйе құраушылары анықталады.</p> <p><i>Үшінші жаңалығы</i> – оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды даярлау ерекшеліктері айқындалып, аталған даярлықты нәтижелі жүзеге асырудың тұжырымдамалық-мақсаттық, когнитивтік-процессуалдық, нәтижелік-бағалаушылық құрамдары қамтылған құрылымдық-мазмұндық моделі жасалады;</p> <p><i>Төртінші жаңалығы</i> – болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлаудың әдістемесі жасалған және оның тиімділігі</p>

		тәжірибелік-эксперимент жүзінде тексеріліп, ұсыныстар беріледі.
	<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа;</u></p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>А.И.Исаевтың диссертациясы қорытындылары толығымен жаңа және сенімді болып табылады.</p> <p>1-қорытынды болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлау қажеттілігі отандық, шетелдік ғалымдардың сәйкес зерттеулерін және психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді зерделеу негізінде, сонымен қатар, дене шынықтыру мен спорттық білім беру жүйесіндегі өзгерістерді талдау негізінде айқындалған және оны жүзеге асыруды ғылыми жобалаудың барысы әдіснамалық тұғырлар негізінде, оның ішінде үдерістік тұғыр тұғысынан айқындалуы <i>толығымен жаңа</i> болып табылады.</p> <p>«Бақылау», «педагогикалық бақылау», «оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекеттері» ұғымдарына психологиялық, педагогикалық, арнайы (спорттық педагогика) еңбектерде берілген теориялық анықтамаларға және жаттығу түрлері қамтылған еңбектерге жасалған талдау (2-тарау 1-бөлімше) мәселелері қарастырылып, нәтижесінде болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың <i>«оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылау дегеніміз - оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетінің барысын қадағалау мен нәтижесін анықтау және тиімділігін арттыру мақсатында дене шынықтыру және спортпен шұғылданушылардың дене жағдайы туралы ақпарат алу үдерісі»</i> деп анықтауы <i>толығымен жаңа.</i></p> <p>«Даярлық», «даярлау» ұғымдарына берілген анықтамаларды және болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың педагогикалық бақылауға даярлығы мәселесінің отандық, шетелдік психологиялық, педагогикалық</p>

			<p>әдебиеттерде, ғылыми еңбектерде зерттелуіне жасалған талдау (2-тарау, 2-бөлімше) нәтижесінде «болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлығы» құраушылары анықталып, болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлаудағы әзірлеген <i>тұжырымдамалық-мақсаттық</i> (әлеуметтік тапсырыс, мақсаты, әдіснамалық тұғырлары мен қағидалары), <i>когнитивтік-процессуалдық</i> (даярлау процесінің мазмұны, формалары, әдістері, құралдары), <i>нәтижелік-бағалаушылық</i> (өлшемдері, көрсеткіштері, деңгейлері) құраушыларды қамтыған құрылымдық-мазмұндық моделі - <i>толығымен жаңа</i>.</p> <p>Жоғары педагогикалық оқу орнының педагогика және психология, дене шынықтыру және спорт бағыттарының білім беру бағдарламаларын, әдістемелік әдебиеттерді жан-жақты талдау негізінде әзірленген және педагогикалық бақылау іс-әрекетінің кәсіби және жеке тұлғалық маңыздылығын ұғындыру; оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылау саласындағы теориялық білімдерді меңгерту және оларды жүзеге асыру мен әрекеттерінің мазмұнын ашу, орындау үлгілерін көрсету; практикалық іс-әрекетін ұйымдастыру; бақылау және өзіндік бақылауды жүзеге асыру кезеңдерін қамтыған даярлаудың әдістемесі - <i>толығымен жаңа</i>.</p> <p>Тұжырымдардың сенімділік деңгейі тәжірибелік-эксперимент жұмысында расталған. Диссертанттың жұмысы аяқталған ғылыми жұмыс.</p>
	5.3	Техникалық, технологиялық, экономикалық	А.И.Исаев жүргізген зерттеуінде болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлау бойынша 4 ұсынысты анықтауға болады.

		<p>немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Олар: «Дене шынықтыру мен спорт саласындағы педагогикалық үдерісті бақылау» атты элективті курсты практикаға ендіру; даярлықты қамтамасыз етуге бағытталған оқу құралдарын қолдану; білім алушыларды белсенді ету мен даярлығын жүзеге асыруға бағытталған педагогикалық тапсырмаларды (сұрақтар, тесттік тапсырмалар, оқу тапсырмалары, оқу міндеттері; бағалау және сынама-тест үлгілері) қолдану; «Қазіргі жағдайдағы жаттықтырушы-оқытушының педагогикалық қызметі» атты педагогтарға арналған семинар бағдарламасын практикаға ендіру. Автордың басқа да ұсыныстары қолдауға әбден лайықты, ұсынған шешімдері ғылыми-тәжірибелік негізі технологиялық тұрғыдан <i>толығымен жаңа және негізделген</i> болып табылады. Ол зерттеу жұмысы барысындағы тұжырымдарды оқу процесіне ендіру актісі және тәжірибелік-эксперимент жұмыс нәтижелерімен, ғылыми жарияланымдармен <i>расталған</i>.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>6.Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан карағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген/негізделмеген</u> (qualitativere arch және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</p>	<p>А.И.Исаевтың зерттеу қорытындыларының негізділігі теориялық-әдіснамалық ұстанымдармен, философиялық, психологиялық, педагогикалық әдебиеттердің алуан түрлілігімен, диссертация мазмұнының, зерттеудің қойылған мақсаты мен міндеттеріне <i>сәйкестігімен</i>, зерттеудің теориялық және эмпирикалық әдістерінің орынды үйлесімімен, эксперименттік зерттеу нәтижелерін сапалы және сандық талдаудың үйлесімімен, әртүрлі диагностикалық әдістемелер, тәсілдер, құралдар кешенін пайдаланумен қамтамасыз етіліп, ауқымды дәлелдемелерде <i>негізделген</i> (3 тараудың 1-, 3-бөлімшелері).</p> <p>Жоғарыда көрсетілген зерттеудің негізгі ұғымдарын нақтылау психологиялық-педагогикалық еңбектерде берілген теориялық анықтамаларға</p>

			<p>негізделген (2-тарау 1-, 2-, 3- бөлімшелер).          Диссертанттың болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлау мәселесіне қатысты қазақстандық педагог ғалымдардың диссертациялық зерттеулері соңғы он бес шақты жылда қарқынды жүргізіле бастауын негіздеп, оны болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың өзіндік тактикалық-техникалық дайындығын және педагогикалық даярлығын жетілдіру сияқты зерттеулердің бағыттарын топтастырып, бөліп қарастыруынан көруге болады.</p> <p>Сондай-ақ әрбір ұғымды нақтылау барысында оның ерекшеліктерін негіздеуі нәтижесінде ой түйіндеген. Мысалы, «оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылау» ұғымының негізіне оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылаудың мақсаты, түрі, мазмұны, әдістері, формасы, нәтижесі сияқты жүйе құраушыларын ғылыми негізде айқындауды және жүзеге асыруды қамтыған.</p>
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>7.Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) <u>дәлелденді</u>;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) <u>жоқ</u></p>	<p>Докторант А.И.Исаев диссертациялық жұмысы бойынша ұсынған төрт қағида <i>толығымен дәлелденді</i>. Себебі, ұсынылып отырған тұжырымдар алынған мақсат пен міндеттерден туындаған жұмыстың теориялық және тәжірибелік ұстанымдылығын аңғартады.</p> <p>Жаңартылған білім беру мазмұны жағдайына сәйкес дене шынықтыру және спортпен шұғылданушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетіне педагогикалық бақылаудың басымдық берілуі болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың аталған даярлық бағытын жетілдіру, оның теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындаумен <i>дәлелденген</i>.</p> <p>«Оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекеті дегеніміз дене қозғалыс жаттығуларын сәтті орындаудағы және дене сапалары (қасиеттері) мен</p>

	<p>7.3 Жаңа ма? 1) <u>ия</u>; 2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) <u>кең</u></p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) <u>ия</u>; 2) жоқ</p>	<p>дайындығын жетілдірудегі саналы әрекеттердің бірлігі», «Болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылау дегеніміз оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетінің барысын қадағалау мен нәтижесін анықтау және тиімділігін арттыру мақсатында дене шынықтыру және спортпен шұғылданушылардың дене жағдайы туралы ақпарат алу үдерісі» делінген қағидалары теориялық және тәжірибелік ұстанымдылығы және педагогикалық бақылаудың жүйе құраушылары арқылы дәлелденген.</p> <p>Сондай-ақ, «<i>болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлығы</i>» ұғымын «олардың бұл іс-әрекеттің мәнділігін түсінуін, педагогикалық бақылауды жүзеге асыру алгоритмі бойынша кәсіби даярлық білімдері мен іскерліктерінің жиынтығын, оларды практикада қолдана білуімен анықталатын кәсіби мәнді тұлғалық қасиетінің қалыптасуын құрайтын күрделі біртұтас білім» деп тұжырымдауы да дәлелденіп негізделген. Дәл сол сияқты басқа да қағидаттар теориялар мен тұжырымдамаларға негізделіп, эксперимент арқылы дәлелденген.</p> <p>Жұмыс <i>тривиалды емес</i>. Себебі, барлық жаңалықтар теория мен практиканың арасындағы байланысты талдай отырып, құрылымдық-мазмұндық моделін жасағандығымен дәлелдеген, бұл жұмыстың ұтымдылығын арттырады.</p> <p>Қағидалар <i>жаңа</i> деп тұжырым жасауға негіз бар. Себебі, төрт міндет бойынша алынған жаңалықтар қорғауға ұсынылатын қағидалар негізінде көрініс беруі және қорытынды ұсыныстар жасауға алғышарт болғандығымен <i>дәлелденеді</i>.</p> <p>7.4. Жұмыстың қолдану деңгейі кең деп танылады. Себебі, даярлығы артқан студент</p>
--	--	---

			<p>- болашақ жаттықтырушы-оқытушы өзінің педагогикалық бақылау тәжірибесін нығайтады, білім деңгейін арттыруда диссертация қағидаттарының қолдану деңгейі кең ауқымды. Осылайша болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлау мәселесі кең ауқымды екені дәлелденген.</p> <p>7.5. Диссертациядағы барлық қағидалар мен тұжырымдар талапқа орай қажетті басылымдарда жарияланған, ғылыми қауымдастықтың назарына салынып, тиісті журналдарда, оның ішінде Scopus базасына енген шетелдік басылымдарда жарық көрген. Атап айтқанда, 1) Improving the supervisory competence of future teacher trainers with the help of innovative technologies // World Journal on Educational Technology: Current Issues Volume 14, Issue 3, Yeditepe University, Turkey (2022). 692-703pp.; 2) Preparing future teachers to evaluate learning outcomes// Universidad Del Zulia. Revista de Ciencias Humanas y Sociales. № 90-2. Maracaibo–Venezuela. (2019) 385-402 pp.</p>
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ</p> <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми</p>	<p>8.1. Зерттеу барысында басшылыққа алынған үдерістік, жүйелік, іс-әрекеттік, тұлғалық, құзыреттілік әдіснамалық тұғырлары мен қағидалары ғылыми тұрғыда негізделген. А.И.Исаев ғылыми әдістерді нақты пайдаланған және тиімділігін дәлелдеген.</p> <p>8.2. Зерттеудің мақсатын, болжамы мен міндеттерін шешу үшін теориялық және эмпирикалық әдістердің кешені диссертантпен анықталған. Теориялық әдістер (алыс және жақын шетелдік, отандық ғалымдардың психологиялық, педагогикалық және оқу-әдістемелік әдебиеттерін зерделеу; диссертациялық зерттеулерді талдау, зерттеу материалдарын</p>

	<p>зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p>	<p>жинақтау, қорытындылау, салыстыру, нақтылау); Практикалық әдістер: (бақылау, білім алушылармен және оқытушылармен пікір алмасу; сауалнама, тесттік тапсырмамен жүргізу; нормативті және оқу-әдістемелік құжаттарды талдау, тәжірибелік-эксперименттік жұмыс жүргізу); математикалық-статистикалық әдістерді қолданған. Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы алынған.</p>
	<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және аңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p>	<p>Теориялық қорытындылар Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеттерінде жүргізілген тәжірибелік-эксперимент жұмысында дәлелденген және расталған. Болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлаудағы: «Дене шынықтыру мен спорт саласындағы педагогикалық үдерісті бақылау» элективті курсы; «Оқушыларды дене тәрбиесіне баулуда бақылауды жүзеге асыру», «Гимнастиканы оқыту әдістемесі» оқу құралдары; педагогикалық тапсырмалар; «Қазіргі жағдайдағы жаттықтырушы-оқытушының педагогикалық қызметі» педагогтарға арналған семинар оқыту формаларымен, инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдану негізінде қол жеткізілген нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелдеген.</p>
	<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және</p>	<p>Диссертант ғылыми зерттеу жұмысында өзекті және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтеме жасай отырып, мәнді мәлімдемелерді растайды. Диссертацияда</p>

		сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u> / ішінара расталған / расталмаған	отандық және шетелдік ғылыми әдебиеттерге сілтемелер берілген.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті/жеткіліксіз</u>	Диссертациялық жұмыста 309 атаудан тұратын дереккөздерге сілтемелер берілген. Тақырып бойынша осы әдебиеттерді зерделей келе, докторант алдына қойған мәселені шешуге жан-жақты қарастырғандығы, әдеби шолуға жеткілікті деп санаймын.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ	Диссертацияның теориялық маңызы бар. Себебі: - болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлаудың теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалған; - «оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылау» ұғымының мәні мен мазмұны нақтыланған; - болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделі әзірленген; - болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлаудың әдістемесі жасалған және оның тиімділігін тәжірибелік-эксперимент жүзінде тексеріп, ұсыныстар берілген.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі	Диссертацияның <i>практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары.</i> Себебі: - болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлаудың диагностикасы; - болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу

		<p>жоғары: 1) ия; 2) жоқ</p>	<p>іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлауға арналған элективті курсы; - болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлауда педагогтарға арналған семинар бағдарламасы; - болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға практикалық даярлығын қалыптастыруға арналған педагогикалық тапсырмалар әзірленіп, тиімділігі іс-тәжірибеде тексерілді.</p>
		<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Зерттеу жұмысы аясындағы практикалық ұсыныстар <i>толығымен жаңа</i> және диссертациялық зерттеуде қол жеткізілген нәтижелер мен олардың негізінде жасалған нақты ғылыми-әдістемелік ұсыныстарды, зерттеу материалдарын болашақ спорт педагогтарын даярлайтын білім беру ұйымдарында, жалпы білім беретін мектептерде (гимназия мен лицейлерде), колледждердің тәжірибесінде, педагог кадрлардың біліктілігін көтеру мен қайта даярлау жүйесінде пайдалануға болады.</p>
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	<p>10. Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.</p>	<p>Диссертант академиялық жазу ерекшеліктеріне сай, ғылыми стильді ұстанып зерттеу жұмысын орындаған. Диссертациялық жұмыстың құрылымын рәсімдеу белгіленген талаптарға сәйкес орындалған. Сонымен қатар, диссертациялық жұмыс жүйелі тұрғыда жазылған және академиялық жазу сапасы жоғары.</p>

**Шешім:** Абдінабі Исаұлы Исаевтың 6D010300-Педагогика және психология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынған «Болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы аяқталған және ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары

білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің талаптары мен «Дәрежелер беру қағидаларында» көрсетілген талаптарға сәйкес келетіндіктен философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайық деп санаймын.

Ресми рецензент,

6D010800 – Дене шынықтыру және спорт

мамандығы бойынша философия докторы (PhD),

Абай атындағы Қазақ ұлттық университетінің

қауымдастырылған профессоры



РАСТАЙМЫН: «Абай атындағы ҚазҰПУ» КЕАҚ  
КАДР СЯСАТЫ БАСҚАРМАСЫНЫҢ РЕКШИСІ  
ЗАВЕРЯЮ: РУКОВОДИТЕЛЯ  
УПРАВЛЕНИЯ КАДРОВОЙ ПОЛИТИКИ  
НАО «КазНПУ им Абая»  
ҚОЛЫ  
ПОДПИСЬ

Т.Б. Искаков